

**Кулембаева Флора Мухитдиновнанын «6D050600 - Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің берген**

## **ПІКІРІ**

Қазіргі таңда компаниялар өз бизнестерін динамикалық түрде бәсекелестік ортада дамытуда. Қазіргі заманғы бизнес өнім сапасына қойылатын жоғары талаптарды, операциялық тиімділіктің тұрақты кеңейісін және оны арттыруды білдіреді, бұл компанияның негізгі бизнес-процестерінің неғұрлым терең шоғырлануын талап етеді. Осы мақсатқа жетудің бір жолы - негізгі емес қызмет түрлерін сыртқы жеткізіп берушілерге беру болып табылады.

Аутсорсинг - бұл қуатты басқару құралы, оны қолдану кәсіпорындардың ұзақ мерзімді стратегиялық табысқа (пайдаға) қол жеткізуге және орта мерзімді перспективада қызмет құнын төмендетуге мүмкіндік беретін қуатты құралдардың бірі болып табылады. Диссертациялық жұмыс тақырыбын таңдау осы құралдың қазіргі экономикадағы маңыздылығымен тікелей байланысты.

Кәсіпорынның жұмыс қабілеттілігін кәсіби қолдау тұрақты негізде жүргізіледі және үздіксіз сипатта болады. Бұл аутсорсинг сервистік бір реттік қызметтерден ерекшеленеді. Кәсіпорын басшысы сыртқы ресурстарды пайдаланудың кемшіліктерін қабылдауға дайын болуы керек, мысалы: жергілікті ерекшелікті білмеу, кәсібиліктің төмендігі, жоғары тәуекелдер және бизнес-процестерді жүргізу ережелерінің анық еместігі тек шығындарға ғана емес, сонымен бірге кәсіпорынның банкроттығына да әкелуі мүмкін.

Әлемдік экономиканың қазіргі жағдайы әлемдік өндірістің ұйымдық құрылымындағы өзгерістерге, трансұлттық сауда мен инвестициялардың дамуына байланысты елдердің экономикалық өзара тәуелділігінің жоғары деңгейімен сипатталады.

Бұл диссертациялық жұмыстың өзектілігі бизнесті жүргізудің ең қызықты және қарқынды дамып келе жатқан тәсілдерінің бірі ретінде қарастыруға болады. Елімізде нарықтық экономиканың нығайып компанияларды басқару деңгейіне қойылатын талаптарды арттырады. Күшті бәсекелестік жағдайында көптеген кәсіпорындардың менеджментінің өзгеруі бизнестің дамуындағы шешуші фактор болып табылады.

Аутсорсингтің өзектілігін шағын және ірі компаниялардың көптеген басшылары, менеджерлері бағалайды. Өз біліктілігін жүйелі түрде арттыратын және заңнамада болып жатқан барлық өзгерістерді әрдайым білетін тәжірибелі мамандардың қызметтерін пайдалану өте тиімді. Сондықтан докторант Ф.М. Кулембаеваның «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті болып табылады және аутсорсингтің тиімділігі зерттеледі.

Ф.М. Кулембаеваның ұсынып отырған ғылыми зерттеу жұмысы логикалық дәйектілік ретімен жазылған және ішкі үйлесімділігі бар. Диссертациялық

жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады.

Диссертацияның кіріспесінде зерттеу тақырыбының өзектілігі дұрыс ашылған, ғылыми зерттелу дәрежесі, мақсаты мен міндеттері айқындалған, ғылыми жапашылдығы мен қорғауға ұсынылатын тұжырымдар мен тәжірибелік құндылығы нақты әрі толыққанды көрсетілген. Жұмыстың бірінші тарауында зерттеу тақырыбының теориялық-әдістемелік аспектілері ашылып жазылған. Автор, аутсорсингті бағалау әдістемелері, контент талдау, аутсорсингтік бизнес-модель түрлері бойынша кең көлемді зерттеулер жүргізген. Жұмыстың екінші тарауында елімізде және әлемдік деңгейде аутсорсингтің даму тенденциясы зерттелген және оның кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыруға ықпалы бойынша кешенді экономикалық талдау жасалған. Алматы қаласы және Алматы облысының кәсіпкерлік субъектілері бойынша аутсорсингтік қызметті қолдану бойынша сауалнама жүргізіліп, оның нәтижелері бойынша SWOT талдау жасалған. Үшінші тарауда теориялық ізденістер мен экономикалық талдау бойынша анықталған өзекті мәселелерді жүйелеп, оларды шешу жолдарын ұсынған. Әсіресе, отандық кәсіпорындарда аутсорсингтік бизнес-модельді енгізу алгоритмінің және ұсынылған аутсорсингтік бизнес-модель сызбасының тәжірибелік құндылығы жоғары.

Осы аталған ғылыми нәтижелер мен ұсыныстар зерттеу барысында автордың мемлекеттік заң актілеріне және нормативтік құжаттарға, сондай-ақ отандық және шетелдік зерттеуші ғалымдардың еңбектеріне сүйенуі, сонымен қатар экономикалық үрдістер мен құбылыстарды зерттеудің қазіргі әдістерін, соның ішінде пікір сұрау, регрессиялық модель, ақпараттарды экономика-статистикалық өлшеу әдістерін тиімді қолдануынан көрінеді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері әр түрлі ғылыми басылымдарда, ғылыми-тәжірибелік конференцияларда сынақтан өткен. Ғылыми зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша жалпы 8 ғылыми жарияланым жарық көрген. Соның ішінде Scopus мәліметтер базасында Global Journal of Flexible Systems Management журналында (Q1) «Economic Efficiency of Outsourcing Business Models: A Comparative Assessment» тақырыбында мақала жарияланды.

Ф.М. Құлембаеваның «Кәсіпорын қызметінің тиімділігін жоғарылату жүйесіндегі аутсорсингтік бизнес-модель» тақырыбындағы әзірлеген диссертациясын белгілі бір ғылыми нәтижелері бар толық аяқталған ғылыми еңбек ретінде бағалауға болады. Осындай жұмыстарға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және оны жария түрде, ашық қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми жетекші:  
«Нархоз Университеті» ЖҒАК  
профессоры, э.ғ.д.



Сейтказиева А.М.